

Бекітемін:
Астана қаласы әкімдігінің
ШЖҚ МКК «Е. Серкебаев атындағы
№3 балалар музыка мектебі»
Директоры Жангелді Г.

Астана қаласы әкімдігінің
ШЖҚ МКК «Е. Серкебаев атындағы №3 балалар музыка мектебіне»
балаларды оқуға қабылдау кезіндегі тыңдау өткізу жүйесі мен бағалау
критерийлері

Музыка бөліміне балаларды іріктеудің негізгі критерийлері:

1. Музыкалық қабілеттерін тексеру:
есту қабілеті (таныс әннен үзінді орындау, қысқа музыкалық фразаны немесе әуенді қайталау, педагог орындаған дыбыстар санын анықтау, жеке дыбыстарды аспапта қайталау);
ырғақ сезімі (педагог берген қарапайым ырғақтық суреттерді қайталау – қол шапалақтау, соғу арқылы);
есте сақтау қабілеті (қысқа әнді немесе әуенді жаттап, қайта орындау);
 2. Жалпы даму деңгейі (қызығушылықтары, немен айналысатыны туралы әңгімелеу, яғни қызығушылық аясын анықтау), физикалық деректері (қолдың, саусақтың, иық аппаратының беріктігі).
- Балаларды іріктеу және олардың музыкалық қабілеттерін анықтау шығармашылық тапсырмалар түрінде өтетін кіріспе тыңдау барысында жүргізіледі.

Шығармашылық тапсырмалардың орындалуы 10 балдық бағалау жүйесі бойынша бағаланады.

Әрбір шығармашылық тапсырма үшін комиссия мүшелерінің әрқайсысы балл қояды. Әр тапсырма бойынша орташа балл шығарылады.

Алынған барлық балдардың жиынтығы (әр тапсырма бойынша орташа баллдар) қорытынды хаттамаға енгізіледі.

Жиынтық баллдар негізінде тыңдау нәтижелерінің рейтингтік тізімі қалыптастырылады және белгіленген мерзімде ақпараттық тақтада, сондай-ақ мектептің ресми сайтында орналастырылады.

Шығармашылық тапсырмалар бойынша бағалау критерийлері

I. Алдын ала дайындалған әнді орындау

10 балл – әнді мінсіз таза, ырғақтық дәлдікпен және көркем орындау;
9 балл – жалпы таза, ырғақтық дәл орындау, 1–2 болмашы қателік болуы мүмкін;

8 балл – жалпы таза, ырғақтық дәл орындау, 1–2 елеусіз интонациялық және/немесе ырғақтық қате болуы мүмкін;

7 балл – 1–2 елеулі интонациялық және/немесе ырғақтық қате жіберіледі, бірақ әуендік желі негізінен дұрыс;

6 балл – 2–3 елеулі интонациялық және/немесе ырғақтық қате, әуендік желі негізінен дұрыс;

5 балл – 3–4 елеулі қате, әуендік желі шамамен дұрыс;

4 балл – әуен шамамен орындалған, интонация тұрақсыз, елеулі қателер бар;

3 балл – әуен дұрыс емес, өрескел интонациялық және/немесе ырғақтық қателер;

2 балл – жалпы ырғақ сақтала отырып, 1–3 дыбыспен мелодекламация;

1 балл – интонация жоқ (мәтін ғана айтылады), ырғақ сақталмаған.

Тапсырманы орындау әдістемесі:

Тапсырма жеке орындалады және алдын ала (үйде) дайындықты талап етеді.

Ата-аналарға тапсырмаға дайындалу қажеттілігі:

а) мектептің ресми сайтында, Facebook және Instagram парақшаларында ақпарат орналастыру арқылы;

б) қабылдау туралы өтініш беру кезінде хабарлау арқылы жеткізіледі.

Дайындық пен репертуарға қатысты ұсыныстар кіріспе тыңдау алдындағы кеңесте беріледі.

II. Педагог орындаған музыкалық фрагментті (әуенді) қайталау

10 балл – бірінші тыңдаудан кейін таза, ырғақтық дәл әрі көркем орындау;

9 балл – жалпы таза, ырғақтық дәл, 1–2 болмашы қателік, 1–2 рет тыңдау;

8 балл – жалпы таза, ырғақтық дәл, 1–2 елеусіз интонациялық және/немесе ырғақтық қате;

7 балл – бірінші тыңдаудан кейін минималды дәлсіздікпен таза орындау;

6 балл – жалпы таза, ырғақтық дәл, 1–2 болмашы қателік, 1–2 рет тыңдау;

5 балл – жалпы таза, ырғақтық дәл, 1–2 елеусіз қате;

4 балл – бірінші тыңдаудан кейін шағын дәлсіздікпен орындау;

3 балл – елеулі интонациялық және/немесе ырғақтық қателер, 1–2 рет тыңдау;

2 балл – ырғақ сақтала отырып, 1–3 дыбыспен мелодекламация;

1 балл – интонация жоқ (мәтін ғана айтылады).

Әдістемесі:

Тапсырма жеке жүргізіледі және алдын ала дайындықты қажет етпейді.

Алдымен орташа деңгейдегі фрагмент ұсынылады. Егер бала орындаса – жоғары деңгей, орындамаса – төмен деңгей ұсынылады. Хаттамада баланың жеткен ең жоғары балы тіркеледі.

Алдын ала таныстыру кеңес кезінде және тыңдау барысында жүзеге асырылады.

III. Оқытушыдан кейін 2–4 тактіден тұратын ырғақтық суретті қайталау (қол шапалақтау)

- 10 балл – бірінші тыңдаудан кейін мүлтіксіз ырғақтық дәлдік;
- 9 балл – 1–2 болмашы қате, екінші тыңдаудан кейін өздігінен түзетілген;
- 8 балл – 1–2 ырғақтық қате, екінші тыңдаудан кейін түзетілген;
- 7 балл – үшінші тыңдаудан кейін дұрыс орындау;
- 6 балл – үшінші тыңдаудан кейін болмашы қателермен;
- 5 балл – 1–2 қате, үшінші тыңдаудан кейін түзетілген;
- 4 балл – төртінші тыңдаудан кейін шамамен дұрыс;
- 3 балл – 1–2 қате, төртінші тыңдаудан кейін түзету мүмкін;
- 2 балл – ырғақтық дәлсіздік, түзету қиын;
- 1 балл – шатасқан, біркелкі емес орындау, қол қозғалысы ретсіз.

Әдістемесі:

Тапсырма жеке орындалады, алдын ала дайындықты қажет етпейді.

Бағалау II тапсырмадағыдай жүргізіледі.

Алдын ала таныстыру кеңес кезінде және тыңдау барысында 3–5 баладан тұратын шағын топта өткізіледі.

IV. Ойнаған дыбыстар санын есту арқылы анықтау: бір, екі немесе көп

- 10 балл – бірінші тыңдаудан дұрыс анықтайды;
- 9 балл – қайталап тыңдаудан дұрыс анықтайды;
- 8 балл – 1–2 қате жіберуі мүмкін;
- 7 балл – 2–3 қате, қайталап немесе үшінші тыңдаудан;
- 6 балл – мысалдардың шамамен жартысында анықтайды;
- 5 балл – мысалдардың жартысынан азында;
- 4 балл – 2–3 мысалды дұрыс анықтайды;
- 3 балл – «бір» дыбысты ғана анықтайды;
- 2 балл – оқытушы көмегімен де ажырата алмайды;
- 1 балл – дыбыстар санын мүлде ажыратпайды.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Баға	Бағалау критерийі	Есептеу кезіндегі ұпай
5+	«мінсіз»	10
5	«өте жақсы»	9
5-	«өте жақсы», бірақ кейбір елеулі емес қателіктер бар	8
4+	«өте жақсы», бірақ кейбір елеулі қателіктер бар	7

4	«жақсы»	6
4-	«жақсы», бірақ кейбір елеусіз қателіктер бар	5
3+	«қанағаттанарлық»	4
3	«қанағаттанарлық»	3
3-	«қанағаттанарлықсыз»	2
2	«қанағаттанарлықсыз», музыкалық қабілет жоқ	1